

## Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі әскерилендірілген күзет қызметі туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 2 желтоқсан N 1341. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1321 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы**      N      1321      Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі әскерилендірілген күзет қызметі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің**

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 2 желтоқсандағы  
N 1341 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі  
әскерилендірілген күзет қызметі туралы

**ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы Ереже**

1. Қазақстан Республикасының темір жол көлігіндегі әскерилендірілген күзет қызметі /бұдан былай - күзет қызметі/ өз қызметін республика темір жолының жүктөр мен объектілерді күзету, сондай-ақ материалдық игліктерді қорғау міндесі жүктелген кәсіпорындарында, мекемелер мен ұйымдарында жүзеге асыратын арнаулы әскерилендірілген ұйым болып табылады.

2. Күзет қызметі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің темір жол басқармаларының құрамына кіреді.

3. Күзет қызметінің құрылымдық бөлімшелері заңды ұйым болып табылады, төрелік және халық соттарында даулаушы мен жауапкер болуы мүмкін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және өзінің аты жазылған мөрі, дербес балансы, Қазақстан Республикасының банк

мекемелерінде ағымдағы есеп шоты бар және өз құзырының шеңберінде қаржылық-шаруашылық және шарттық қызмет мәселелерін дербес шешеді.

4. Күзет қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің актілерін, Қазақстан Республикасы Қолік және коммуникациялар министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Темір жол көлігі департаментінің, темір жол бастықтарының бұйрықтары мен нұсқауларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Күзет қызметінде басқару мен іс жүргізу, сондай-ақ қызмет барысында хат жазысу мемлекеттік тілде және ұлтаралық қатынас тілінде жүзеге асырылады.

6. Күзет қызметі оны ұстауға арналған сметаға сәйкес, темір жол басқармаларының пайдалану шығындарына кеткен қаражат есебінен ұсталады.

7. Күзет қызметі шарт бойынша жүк жөнелтуші мен жүк алушыға станциялардың кірме жолдарына, сондай-ақ күзетуге жататын объектілердің тізбесіне енбеген жүктөрді күзету жөнінде қосымша қызмет көрсетуге құқылы. Мұндай қызмет көрсетулер үшін төлем еркін тариф бойынша жүзеге асырылады.

8. Күзет қызметі өзіне жүктелген міндеттерді темір жол бөлімшелерінің құрылымдарымен, құқық қорғау органдарымен, меншіктің барлық нысанындағы мұдделі кәсіпорындарымен, мекемелермен, ұйымдармен, еңбек ұжымдарымен және азаматтармен өзара қарым-қатынаста шешеді.

9. Күзет қызметінің қызметі заңдылық және дара басшылық принциптерінде жүзеге асырылады.

## II. Күзет қызметінің негізгі міндеттері мен құзыры

10. Күзет қызметіне мыналар жүктеледі:

жүріс жолдары мен станция парктерінде жүктөрді күзету;

объектілер мен ерекшеленген жайларды күзету;

темір жолдағы ете маңызды объектілерді күзету;

қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында жолаушы поездарына ілесіп жүру /жол бастығының ыңғайы бойынша/;

темір жол көлігі объектілерінде және қозғалмалы құрамда өртті жою мен б о л д ы р м а у ;

өрт қауіпсіздігінің талаптарын орындауды бақылау, өрттің алдын-алу ш а р а л а р ы н ж ү р г і з у ;

темір жол кәсіпорындарында, мекемелерінде, және кәсіпорындарында материалдық игіліктерді сақтау шартының, қоршаулар жөндемділігінің, күзеттің техникалық құралдарының, лауазымды адамдардың белгіленген ережелерді орындаудының жай-күйіне бақылауды ұйымдастыру;

темір жолдың тиісті бөлімдерімен бақытсыздық оқиғаларын болдырмау

жөніндегі шараларды дайындау мен жүргізу;

темір жолдардың жүргүгін рұқсат етілмеген жерлерінде және жүк поездарында бөтен адамдардың жүрісін болдырмау;

ғимараттар мен үйлердің құрылышын жүргізгенде олардың техникалық мықтылығына, өрт қауіпсіздігіне, күзет және өрт сигнализациясы қуралдарымен жабдықталуына қатысты жобаларды келісу мен қарау;

темір жол көлігі объектілері мен жүктегердің сақталуы, өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі ережелерді, нұсқауларды, ұйғарымдарды дайындау мен жасау;

күзет қызметінің бөлімшелерінде техника қауіпсіздігі мен еңбек қорғауды қамтамасыз ету жөнінде рационализаторлық ұсыныстарды, жаңа техника мен алдыңғы қатарлы еңбек әдісін даярлау және енгізу;

жеке құрамның оқу-жауынгерлік даярлығын ұйымдастыру;

ерікті өрт жасақтарын дамыту мен нығайтуға жәрдемдесу; еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

күзет қызметі бөлімшелерінің жұмылдыруына әзірлігін қамтамасыз ету шараларын жүргізу.

### III. Күзет қызметі қызметкерлерінің міндеттері, құқығы және жауапкершілігі

#### 11. Күзет қызметінің қызметкерлері:

тасымалданатын жүктегерді мен күзет объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

күзетілетін объектілер мен тасымалданатын жүктегерге қол салудың алдын-алуға және жолын кесуге;

өртті сөндіру, адамдарды құтқару және оларға көмек көрсету жөнінде шұғыл шаралар қолдануға;

ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп жолаушылар поездарында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, жолаушылардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне қылмыстық қол салудың алдын-алуға және жолын кесуге;

өрт қауіпсіздігі, жүктегер мен мүліктерді талан-таражадап және бұлдіруден сақтау қамтамасыз етілмеген темір жол көлігі объектілерінің жұмысын тоқтатуға;

сеніммен берілген қаруды, арнайы және техникалық қуралдарды сақтауға және оларды дұрыс ұстауға;

тәртіпті болуға, өзінің кәсіби білімін ұдайы арттырып отыруға, мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпияларды қatal сақтауға;

темір жол көлігіндегі ғимараттар мен үй құрылыштарын салу кезінде өрттен сақтау талаптарының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруға,

пайдалануға берілген ғимараттар мен үй құрылыштарын қабылдап алуға қатысуға ;

қызметтік міндеттерді атқару кезінде белгіленген киім үлгісін киіп, айырым  
белгісін тағып жүрге;

қызметтік міндеттерді орындауға адал және ізгілікпен қарауға, жүктөрдің сақталуын, объектілердің күзетілуін және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының зандарын, осы Ереженің, қолданылып жүрген нұсқаулардың және басқа актілердің талаптарын қатаң сақтауға міндетті.

12. Қүзет қызметінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару барысында:

жұмысшылардан, қызметшілерден және басқа адамдардан темір жол көлігінің кәсіпорындарында, мекемелерінде және ұйымдарында өткізу режимінің Ережелерін, өрт қауіпсіздігін сақтауды талап етуге;

азаматтардан және лауазымды адамдардан қызметтік міндеттерді орындауға кедергі жасайтын заң бұзушылық пен іс-әрекетті тоқтатуын талап етуге, осы талаптар орындалмаған жағдайда қолданылып жүрген зандарда қарастырылған жолын кесудің тиісті шараларын қолдануға;

күзетілетін объектілерге қылмысты қол сұғуға және басқа тәртіп бұзуға байланысты іс-әрекеттерге барған адамдардың кім екенін білу, хаттама түзу және ішкі істер органдарына тапсыру үшін оларды ұстауға, күзеттің немесе ішкі істер органдарының /милицияның/ қызметтік үй-жайына жеткізуғе;

көлік құралдарына тексеру жүргізуғе және темір жол көлігінің күзетілетін объектілерінің аумағынан әкетілетін және әкеleiнетін жүктөрдің тауар-көлік құжаттарына сәйкестігін тексеруге;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес қару мен арнайы құралдарды қолдануға, сондай-ақ қызмет иттерін пайдалануға;

жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ішкі істер органдарына белгіленген тәртіппен жеке қорғану және белсенді қорғаныс құралдарын пайдалануға ;

адамдардың өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдай туындағанда /жер сілкінісі, тасқын, өрт және басқа табиғат апаттары/ адамдарды, материалдық игіліктерді қауіпті аймақтан әкетуге өкім беруге, құтқару жұмыстарын жүргізу мен төтенше жағдайды жою кезінде объектілердегі жұмысты тоқтатуға;

объектілерді қүзет-өрт сигналізацияларымен және өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен жарақтандыруды талап етуге;

жедел алдын-алу шараларын жүргізгенде және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін насиҳаттау кезінде байланыс құралдарын тегін пайдалануға құқылы.

13. Жүктелген міндетті орындағаны үшін кінәлі қүзет қызметінің

қызметкерлері заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық, әкімшілік, материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

14. Күзет қызметі қызметкерлерінің құқық аясына сыйымсыз өрекеттеріне жоғары тұрған және сот органдарына заңдарда белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

#### IV. Күзетті ұйымдастыру

15. Күзет қызметі темір жолдарда ұйымдастырылады және мамандандырылған, атқыштар, өртті атқылаушылар өrt сөндіру бөлімшелерінен, сондай-ақ басқарушы және қызмет етуші қызметшілерден тұрады.

16. Күзет қызметінің бөлімшелерін құруды, қайта құруды және жоюды темір жол бастықтарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жүзеге асырады.

17. Станция парктарінде және жүріс жолдарында жүктерді, объектілерді, оқшау үй-жайларды күзету Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылады.

18. Темір жолдағы аса маңызды объектілерді күзету Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісе отырып, бекітілген тізбе бойынша жүзеге асырылады.

19. Жүктерді, объектілерді, оқшау үй-жайларды және аса маңызды объектілерді атқыштар мен өrt сөндіру бөлімшелерінің күзетуін ұйымдастырудың тәртібін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті белгілейді.

20. Күзет қызметінің құрылымы мен штатын темір жол бастықтарының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті бекітеді.

21. Күзет қызметінің жеке құрамы басшы /жоғары, аға, орта, кіші/ және қатардағы құрамға бөлінеді. Лауазым номенклатурасын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті айқындауды.

22. Объектілер мен жүктерді күзетуші қызмет бөлімшелерін кескілеу қаруы /қажет болғанда тегіс оқпанды/ және арнайы құралдары болады.

Қаруды, оқ-дәрі мен арнайы құралдарды беру, сақтау, есепке алу Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісе отырып, Көлік және коммуникациялар министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Жүктерді, объектілерді күзету және күзette тұру үшін қызмет иттерін пайдалануы мүмкін.

## V. Жеке құрамды іріктеудің және олардың қызмет өтеуінің тәртібі

23. Күзет қызметіне жасы 20-дан кем емес, әскери қызметті өтеген, жүйке ауруларынан және есірткіден емдейтін диспансерлерде есепте тұрмайтын, қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған, күзет қызметіне денсаулығы жөнінен жарайтын Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

24. Күзет қызметі қызметкерлерінің қызметтік жұмысы еңбек туралы зандармен және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында қызмет өтеудің шартын белгілейтін нормативтік актілермен, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Темір жол көлігі департаментінің, темір жол бастықтарының бұйрықтарымен және нұсқауларымен әрі осы Ережемен ретtedі.

25. Әскерилендірілген күзетке арналған айырым белгілері туралы Ережені, ерттен қорғау бөлімшелері жеке құрамын айқындау және оларға біліктілік сыйныбын берудің тәртібін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті бекітеді.

26. Тұрақты жұмысы жол жүру сипатына ие, сондай-ақ қызмет көрсететін участкелері шегінде қызмет бабымен сапарда жүрген қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгіленген тәртіппен мөлшерде шығынды етеді жасалады.

27. Жеке құрамның жұмыс уақытының ұзақтығы жұмыс аптасының заңмен белгіленген ұзақтығы сақталған жағдайда ішкі тәртіп ережелерімен анықталады.

Жоғары, аға және орта басқарушы құрамына нормаланбаған жұмыс күні белгіленеді.

Кіші және қатардағы құрамға тоқсандық жұмыс уақытын жинақтап есептей белгіленуі мүмкін.

28. Күзет қызметінің қатардағы және басқарушы құрамы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті белгілеген бағдарламамен тәртіп бойынша жауынгерлік оқу да ярлығынан етеді.

Жауынгерлік оқу да ярлығынан өтпеген адамдар жүктеген объектілерді құзету қызметіне жіберілмейді.

29. Жол қүзеті қызметінің бастығын темір жол бастығының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті тағайындаиды. Күзет Қызметі бастығының орынбасарын, бас бухгалтерді темір жол бастығы тағайындаиды.

30. Темір жолдардағы күзет қызметінің қызметкерлеріне оның жеке басын және өкілеттігін растайтын арнайы үлгідегі қызметтік күәлік беріледі.

31. Күзет қызметі қызметкерінің қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі талаптарын азаматтар мен лауазымды адамдардың орындауды міндетті. Күзет қызметі қызметкерінің заңды талаптарын орындауда, қарсыласу немесе оның өміріне, денсаулығына, ар-намысына, мүлкіне қастандық жасау, жүктелген міндеттерін орындауда кедергі жасайтын басқа да іс-әрекеттер заңмен белгіленген жауапқа тартылады.

32. Күзет қызметінің қызметкерлері лауазымды адамдардың әрекетіне жоғары органдар мен сотқа Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

#### VI. Әлеуметтік-тұрмыстық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

33. Күзет қызметінің қызметкерлеріне темір жол қызметкерлері үшін қолданылып жүрген заңдарда қарастырылған барлық ережелер мен жеңілдіктер таратылады.

34. Күзет қызметінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен темір жол қаржысының есебінен сақтандырылуға жатады.

35. Күзет қызметінің қызметкери қызметтік міндетін орындау кезінде қайтыс болған немесе ауыр жаарақат алған жағдайдағы, зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

36. Күзет қызметінің қызметкерлері темір жол жұмыскерлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес темір жол қызметкерлерімен тең дәрежеде тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

37. Күзет қызметінің қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері, зейнеткерлер /зейнетке күзет қызметінен кеткендер/ емханаларды, ауруханаларды, санаторийлерді, демалыс үйлерін, мектеп лагерьлерін, бала бақшалар мен сәbihханаларды, тамақтану пункттерін темір жол қызметкерлерімен жалпы негізде пайдаланады.

38. Объектілер мен жүктерді тікелей күзететін күзет қызметінің қызметкерлері темір жол бастықтары белгілеген тізбе мен мөлшер бойынша темір жол қаражаты есебінен азық-түлік күйіндегі немесе ақшалай өтемдегі Үлес пен қамтамасыз етіледі.

39. Күзет қызметінің жеке құрамы темір жол қаржысы есебінен және Қазақстан Республикасы Қолік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті белгіленген норма бойынша арнаулы киіммен қамтамасыз етіледі.

40. Жеке құрамының киім түрлері қысқы және жазғы болып бөлінеді.

41. Күзет қызметін қарумен, оқ-дәрімен және арнайы құралдармен қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген

тәртіппен темір жол қаржысының есебінен Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

42. Күзет қызметінің жеке құрамына бір жолғы жәрдемақы төлеуге қажетті қаражат, сондай-ақ санаториялық-курорттық емдеу мен балаларды сауықтыру мекемелеріне жұмсалатын шығындар жол күзету қызметін ұстауға арналған сметада қарастырылады.

43. Қатардағы және басқарушы құрамға сыйақы беру темір жол көлігі қызметкерлеріне сыйақы беру туралы ережеге сәйкес, бөлімше қызметінің түпкі нәтижесіне әрбір қызметкердің жеке үлесін есепке ала отырып жүргізіледі.

44. Әскерилендірілген күзеттегі үздіксіз қызметі үшін жеке құрамның лауазымдық жалақысына төмендегідей стажы болған жағдайда қосымша үстеме / процент пен / бөлгіленеді:

2 жылдан 5 жылға дейін	- 5
5 жылдан 10 жылға дейін	- 10
10 жылдан 15 жылға дейін	- 15
15 жылдан 20 жылға дейін	- 20
20 жылдан жоғары	- 25

45. Күзет қызметінің жеке құрамына күзеттегі үздіксіз қызметіне орай әрбір 2 жыл үшін күнтізбелік күн, бірақ 5 күннен аспайтын жыл сайынғы қосымша ақылы демалыс беріледі.

46. Күзет қызметінің бөлімшелері үшін қызмет ғимаратын және үй-жай салу, сондай-ақ казармаларды, өрт сөндіру депосын, көлік пен техника құралдарын ұстау, күрделі жөндеу темір жолдар мен олардың бөлімшелері есебінен жүзеге асырылады.

47. Күзет қызметі өртке қарсы қару-жарақпен, арнаулы автокөлікпен, жүзу қуралдарымен, радиостанциялармен, жабдықтармен және басқа техникалық қуралдармен, сондай-ақ арнайы киіммен және қызмет иттерін азықпен қамтамасыз ету темір жол қаржысының есебінен жүзеге асырылады.

48. Күзетілуші объектілерде радио және телефон байланысымен, жылумен және сумен, жарықпен, қажетті жабдықтармен, әрі құрал-саймандармен жарақтандырылған қызметтік үй-жайлар тегін беріледі.

## VII. Күзет қызметіне жәрдемдесу және олардың қызметін бақылау

49. Кәсіпорындар, мекемелер, темір жол көлігінің ұйымдары, ішкі істер органдары және азаматтар күзет қызметінің қызметкерлеріне жүктерді және объектілерді сақтауды қамтамасыз етуде жәрдем көрсетуге міндетті.

50. Күзет қызметінің жұмысын бақылауды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаменті мен темір жол басқармасы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК